



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

(Б.С. Дүйсембинов; А.Т. Перуашев;  
Е.С. Никитинская; К.Г. Абсатиоров;  
Д.М. Еспаева; Е.Х. Барлыбаев;  
М.А. Қазбекова.)

*2020 жылғы 25 қарашадағы № ДЗ-188***Құрметті депутаттар!**

Астанаға, республикалық маңызы бар қалаларға, облыстық орталықтарға іргелес ірі елді мекендерді дамыту тұжырымдамасын қайта қарауға және қала маңындағы ауылдарды қолжетімді мәдени және спорттық объектілермен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеуге қатысты Сіздің сұрауыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Астанаға, республикалық маңызы бар қалаларға және облыс орталықтарына іргелес ірі елді мекендерді дамыту тұжырымдамасын қайта қарауға қатысты.*

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының агломерацияларын және облыс орталықтарына іргелес ірі елді мекендерді дамыту Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) көрсетілген.

Мемлекеттік бағдарлама еліміздің бүкіл аумағында халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдауға бағытталған.

Сонымен, Мемлекеттік бағдарламаға елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық санына) байланысты объектілердің және халықтың көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) қолжетімділігінің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Өңірлік стандарттар жүйесі біріктірілген.

Салалық шаралар ретінде Мемлекеттік бағдарламада «Ауыл – Ел Бесігі» жобасын іске асыру, моно және шағын қалаларды, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент ірі қалалардың шеткі аудандарын, сондай-ақ астанаға іргелес Ақмола облысының аумақтарын қолдау жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Елбасының тапсырмасын іске асыру үшін 2019 жылы өңірлік саясат жөніндегі уәкілетті орган әзірлеген әдістеме негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары Ірі қалаларды 2050 жылға дейін дамыту стратегиясын қабылдады.

Стратегиялар ядро-қаланың оған іргелес елді мекендермен үйлесімді дамуын көздейді.

Бұл құжатта халықтың жайлы өмір сүруі үшін жағдайлар жасау, азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту, халықты ауыз сумен және газбен қамтамасыз ету, жергілікті жолдардың жай-күйі және объектілер мен көрсетілетін қызметтерге қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделеді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта әкімдіктер 2021 – 2025 жылдарға арналған аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламаларын жаңа формат бойынша әзірлеуде, онда Стратегиялардың негізгі бағыттары декомпозицияланады.

Ірі қалалардың шет аймақтарын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылады. Мәселен, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының инфрақұрылымдық мәселелерін шешу үшін 2019-2020 жылдарға 63 жобаны іске асыруға 53,5 млрд.теңге бөлінді. Қаражат 730 мыңнан астам адам тұратын тұрғын үй алаптарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталды.

*Қала маңындағы ауылдарды қолжетімді мәдени және спорттық нысандармен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеуге қатысты.*

Мәдениет және спорт объектілерін дамыту мәселелері Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында көзделген.

Осылайша, қазіргі уақытта республика бойынша 39 мыңнан астам спорт ғимараттары бар, оның ішінде ауылдық жерлерде 23 мыңнан астам спорт объектілері жұмыс істейді.

Мәдениет және спорт министрлігі еліміздің аса мұқтаж елді мекендерінде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін (бұдан әрі – ДСК) салу жөніндегі жобалардың тізбесін бекітті. 2019 жылы 13 ДСК құрылысы аяқталды, ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 24 ДСК аяқтау жоспарлануда, 2021 жылы 63 ДСК салынады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 2019-2020 жылдары даму әлеуеті бар ауылдарда 17 млрд. теңгеге 89 спорт нысаны және 3,3 млрд.теңгеге 69 мәдениет үйі мен клубтар салынды және жөнделді.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша 2025 жылға дейін Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес объектілердің, оның ішінде мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігінің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ете отырып, одан әрі даму әлеуеті бар 3 мыңнан астам ауылды жаңғырту жоспарланған.

Тұтастай алғанда, ірі қалалар мен облыс орталықтарына іргелес елді мекендерді әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Үкіметтің тұрақты бақылауында және қолданыстағы бағдарламалық құжаттар шеңберінде жалғасатын болады.

**А. Мамин**

Орынд.: А. Газалиев

75-00-01

[Gazaliyev\\_AA@ukimet.kz](mailto:Gazaliyev_AA@ukimet.kz)



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(Дюсембинов Б.С.; Перуашев А.Т.;  
Никитинская Е.С.; Абсатиров К.Г.;  
Еспаева Д.М.; Барлыбаев Е.Х.;  
Казбекова М.А.)

На № ДЗ-188 от 25 ноября 2020 года

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно пересмотра концепции развития крупных населенных пунктов, прилегающих к столице, городам республиканского значения, областным центрам и разработки программы обеспечения пригородных сел доступными культурными и спортивными объектами сообщая следующее.

*Касательно пересмотра концепции развития крупных населенных пунктов, прилегающих к столице, городам республиканского значения и областным центрам.*

В настоящее время вопросы развития агломераций городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент и крупных населенных пунктов, прилегающих к областным центрам отражены в Государственной программе развития регионов на 2020-2025 годы (далее - Государственная программа).

Государственная программа направлена на принятие системных мер для улучшения качества жизни населения на всей территории страны.

Так, в Государственную программу интегрирована Система региональных стандартов с целью обеспечения минимально обязательного уровня доступности объектов и услуг (благ) населению в зависимости от типа (город, село) и размера (численности населения) населенных пунктов. Доведение населенных пунктов до параметров Системы региональных стандартов позволит создать более комфортную среду проживания населению.

В качестве отраслевых мер Государственной программой предусмотрены мероприятия по реализации проекта «Ауыл – Ел бесігі», поддержке моно- и малых городов, окраин крупных городов – Нур-Султана, Алматы, Шымкента, а также территорий Акмолинской области, прилегающих к столице.

Результатами данных мер станет модернизация социальной и инженерной инфраструктуры в сельских населенных пунктов, моно- и малых городах, жилых массивов окраинных микрорайонов крупных городов.

В реализацию поручения Елбасы в 2019 году на основе методики, разработанной уполномоченным органом по региональной политике,

маслихатами областей, городов республиканского значения и столицы приняты Стратегии развития крупных городов до 2050 года.

Стратегии предполагают синхронное развитие города-ядра с прилегающими к нему населенными пунктами.

В данном документе предусматриваются меры по созданию условий для комфортной жизни населения, улучшению жилищных условий граждан, обеспечению населения питьевой водой и газом, состояния местных дорог и обеспечение шаговой доступности к объектам и услугам.

Кроме того, в настоящее время акиматами ведется разработка региональных программ развития территорий на 2021 – 2025 годы по новому формату, где будут декомпозированы основные направления Стратегий.

В фокусе особого внимания находятся вопросы развития окраин крупных городов. Так, для решения инфраструктурных проблем окраин городов Нур-Султана, Алматы и Шымкента на 2019-2020 годы выделено 53,5 млрд. тенге на реализацию 63 проектов. Средства направлены на развитие социальной и инженерной инфраструктуры жилых массивов, где проживают более 730 тыс. человек.

*Касательно разработки программы обеспечения пригородных сел доступными культурными и спортивными объектами.*

Вопросы развития объектов культуры и спорта предусмотрены в Концепции развития физической культуры и спорта до 2025 года, Комплексном плане по развитию физической культуры и массового спорта на 2020-2025 годы.

Так, в настоящее время по республике насчитывается более 39 тыс. спортивных сооружений, в том числе в сельской местности действуют более 23 тыс. спортивных объектов.

Министерством культуры и спорта утвержден перечень проектов по строительству 100 физкультурно-оздоровительных комплексов (далее – ФОК) в наиболее нуждающихся населенных пунктах страны. В 2019 году завершено строительство 13 ФОК, до конца текущего года планируется завершить еще 24, в 2021 году будет построено 63 ФОК.

В рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі» в 2019-2020 годы в селах с потенциалом развития построено и отремонтировано 89 объектов спорта на сумму 17 млрд. тенге и 69 домов культуры и клубов на сумму 3,3 млрд. тенге.

По проекту «Ауыл – Ел бесігі» до 2025 года запланирована модернизация более 3 тыс. сел имеющих потенциал дальнейшего развития с обеспечением минимально обязательного уровня доступности объектов, в том числе объектов культуры и спорта согласно Системе региональных стандартов.

В целом работа по обеспечению социальной инфраструктурой населенных пунктов, особенно прилегающих к крупным городам и областным центрам находится на постоянном контроле Правительства и будет продолжена в рамках действующих программных документов.

**А. Мамин**

